

ӘОЖ 541.128.793.

**ОРГАНИКАЛЫҚ РЕАГЕНТ ӨНДІРУ УШИН ӨСІМДІК ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖӘНЕ
ЖЕРГІЛІКТІ САЗДАҚТАРДЫ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУ**

З.И. Көбжасарова, С.А. Мұсаева, Н.О. Джакыпбекова, Б.Т. Өттелбаев
М.Ауезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ., ҚБТУ, Алматы қ.

Ауыл шаруашылық өндірісінің экологиялығын жоғарлатудың бірден-бір тиімді әдісі болып негізінен органикалық реагенттер алынатын өсімдік қалдықтарын утилизациялау болып табылады. Қалдықтар негізінде органикалық реагенттердің ассортиментін кеңейту әр түрлі инициаторлардың, модификаторлармен табиғи сорбенттер есебінен жүзеге асады. Химиялық өндірістік табиғи сорбенттерді рационалды пайдаланудың эффективті шараларын жасау фурфуролдың өндірісіндегі улы ингридиентерді залалсыз тетрагидрофурил спиртіне алмастыру.

Қазіргі заманғы технологиялық деңгей өндіріс профиліне байланысты гидролиз әдісімен 1т күрғак ағаш шикізатынан 220 кг жемдік ақуызды ашытқы немесе 35 кг ашытқы және 175 л этил спиртін немесе 105-110 кг ашытқы мен 70-80 кг фурфурол алуға мүмкіндік береді. Осы өсімдік қалдықтарындағы полисахаридтер құрамы 70%-ға жетіп, қант қызылшасындағы саха-роза немесе картоптағы крахмал 2-3 есе жоғарлайды. Ауылшаруашылығында бірінші кезеңде технологиялық процестердің қоршаған ортаның биологиялық және физикалық-химиялық жағдайына тигізетін негативті өсеріне тосқауыл қоюы керек. Бұдан басқа қоршаған ортаға зала келтіретін өзіндік технологиялық процестерді мақсатқа сай қарастырылуы туіс. Экономиканы экологизацияландыруға ұмтылатын негізгі бағыт - техногендік ауыртпалықтарды, табиғаттағы жаратылыстық процестер тәртібімен өзіндік қалпына келтірудің жолымен табиғи потенциялды демеу, шығынды қысқарту, пайдалы компоненттерді пайдаланудың кешенділігі, қалдықтарды егіншілік ресурстар сапасында кәдеге жарату [1].

Барлық күріш қалдықтары әлі күнге дейін қанағаттанарлық және тиімді қолданысқа түсінде (ал сабандары егістіктерде жайгана жағылып, қоршаған ортаны ластауда), соған қарамастан ғылыми және техникалық әдебиеттердегі оларды пайдаланудың тізімінің орасан үлкендігі сонша, ешқандай мәселе туындауы мүмкін еместей. Тұқым бастарды қаптама үшін, абраziвтер дайындауда, жылу және дыбыс оқшауландырыштар, сөл су тазалағыш сорбенттер жасауда, ауаны шаңнан тазартуда, топырак құрылымын жақсартуда, отын ретінде, пластмасс, шайыр, құрылых материалдары үшін толықтыруши, жануарлар мен құстар қоспа ретінде қолданылады. Дегенмен, күріш қауызы төмен калориялы азық, сапасыз отын немесе басқа дөнді дақылдармен салыстырғанда нашар тыңайтқыш болып онда кремний қостотығы (20%-ға дейін) болады.

Бірақ, мұнда диалекттика заңы жүреді: күріш өндірісінің қалдықтарының орасан мөлшері өнеркәсіп үшін тамаша арзан химиялық шикізат, бағалы және қымбат өнімдер өндіруге жарамды, медицинада, тамақ және косметологиялық өнеркәсіпте, жоғары сапалы керамика өндірісінде, пластмасс және резина техникалық бұйымдар өндіруде қолданылады.

Күріш өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеуде техникалық және технологиялық қолайлы тәсілдер жасар болса, онда кең көлемде практикалық түрғыда қолданылатын бағалы бейорганикалық және органикалық өнімдерді кешенді алушы жасауға болар еді. Технологиялық сызбаға тәуелді түрде электр энергиясын, жылуды және пайдалы тауарлық өнімдердің бүтін катарын: фурфурол, фитин, ксилоза, ксилиит, щавель, сірке және фитин қышқылдарын, күріш майы мен антиоксиданттар, ванилин, аморфты кремний диоксидін, суда ерігіш силикаттар, кремний карбид пен нитридін, жартылай кристалды кремний алуға болар еді [2].

Сондықтан өсімдік қалдықтарын қайта өңдеу, яғни утилизациялау нәтижесінде органикалық реагент өндірісі қазіргі заманың қекейтесті мәселеесіне айналып отыр

Катализатордың физико-химиялық қасиеттері зерттелген, белгілі сорбенттер мен жергілікті саз түрлерінің сорбциялық құрылымдық қасиеттері анықталды.

Кең тараған адсорбенттер алюминий оксиді, титан оксиді және жергілікті саздақ түрлері (Қазығұрт, Шымкент саз балшығы) каталитикалық активтілігі жоғары қатты дисперсиялық орта ретінде қолданылады.

Беттік белсенді заттар ұнтақталған зат бөлшегінің бетін қаптай отырып, оның еріткіш бойында өзара қайта жабысып іріленбеуіш әсер етеді.

Зерттеліп отырған жұмыстың басты мақсаты Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті табиғи шикізаттарының химиялық қасиеттерін зерттеп, оны оқып үйрену. Катализатор ретінде скелетті никель қолданылды, эксперимент каталитикалық «уткада» жүргізілді. Сутектің атмосферасы 1 атм. Еріткіштер ретінде изопропил, этил спирті және су қолданылды.

Фурфоролды сутексіздендіру реакциясын жүргізу үшін, катализатордың әртүрлі мөлшердегі салмағын, фурфоролдың әртүрлі концентрациясын алып, тәжірбие температурасын әртүрлі температурада жүргізілді.

Реакция нәтижесінен анықталған ең қолайлы, яғни ең оңтайлы жағдай деп: катализатор салмағы 1г, тәжірбие температурасын 25°C, фурфоролдың 1мл концентрациясы алынды.

Сутекті газометрге электролиз реакциясы арқылы жинадық, ал бюреткалар арқылы сутек каталитикалық «уткага» жіберіліп отырды.

Каталитикалық «уткадағы» алдын-ала дайындалып алынған скелетті никельге газометрден сутек жіберіп екі сағаттай қанықтырып қоямыз сосын таңдаған табиги шикізатымызды, фурфоролдың қажетті мөлшерін қосамыз.

Өсімдік қалдықтарынан өндірілген Органикалық реагенттің уыттылығын төмендету мақсатында жергілікті саздақтар (Шымкент сазбалшығы, Қазығұрт сазбалшығы) табиги сорбенттердің қасиеттері зерттелінді.

1-кесте . Сорбенттердің кеуектілігін пикнометрлік әдіс арқылы анықтау нәтижелері

Сорбенттің табигаты	Төгімдік масса, г/см ³	Накты тығыздық, г/см ³	Мүмкін тығыздық, г/см ³	Кеуектілігі %
Шымкент сазбалшығы	0,60	2,56	1,25	39,5
Қазығұрт сазбалшығы	0,63	2,59	1,70	34,1
Al ₂ SO ₃	0,58	3,49	1,90	44,4
SiO ₂	0,57	2,53	1,10	41,2
TiO ₂	0,78	4,21	4,12	2,6

Әрқылы кенорындарының табиги сорбенттерімен сол шамадағы кенорындарынан табылған олардың әрқылы түрлері өздерінің химиялық құрамы бойынша бір-бірінен қатты ерекшеленді. Сорбенттердің кеуекті құрылымының сипаттамасы үшін жалпы дene көлеміне V_ж жалпы кеуектілік көлемінің қатынасы V_к, олардың кеуектілігі (K) болып табылады.

$$K = V_k / V_{\text{жалпы}}$$

Кеуектілік дene көлемінің бірлігіне келетін кеуек көлемін анықтайды, яғни оның құрлысындағы бос үлесін анықтайды.

Тығыздықтарды эксперименталды анықтауда пикнометр көмегімен өткізілді. Ол үшін пикнометр көлемін V_{ник} зерттелген сорбент массасын және кеуекті заттың және пикнометрде кеуекті денені ылғалданыратын сұйықтың жалпы массасы m_{жалпы}

$$m_{\text{жалпы}} = \rho_c V_c + \rho_{\text{ш}} V_{\text{ш}}.$$

Лай үлгілерін химиялық талдау әдістерін қолданумен әртүрлі сорғыш көмегімен талдау жүргіздік. Оңтүстік Қазақстан облысының зерттелінген лай жыныстарының химиялық құрамдары анықталынды. Көптеген сорбенттер табиги жағдайда төмен сорбциялық сипаттамаға ие екені белгілі. Соңдықтан оларды қышқылдық өндеуден өткіземіз.

2-кесте. Жергілікті саздақтар мен сорбенттердің химиялық құрамы

№	Сорбент атаулары	Химиялық құрамы топыракқа аударып есептегендеге, %							Баскалар
		SiO ₂	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	K ₂ O	Na ₂ O		
1.	Шымкент сазбалшығы	12,4	51,0	3,2	14,4	2,8	1,2	1,7	13,3
2.	Шымкент сазбалшығы қышқылдық өндеуден кейін АС-1	8,1	74,9	1,1	5,2	0,7	0,4	0,6	9,0
3.	Бадам құмы	3,5	75,0	2,5	9,0	1,5	1,0	1,5	8,5
4.	Бадам құмы қышқылдық өндеуден кейін АС-2	2,0	90,0	0,4	2,0	0,2	0,1	0,2	5,0
5.	γ-Al ₂ O ₃	99,3	0,06	0,06	-	-	-	-	0,58
6.	SiO ₂	0,2	98,9	0,5	-	-	-	-	99,5

Қалдықтар негізінде органикалық реагенттердің ассортиментін кеңейту әртүрлі инициаторлардың, модификаторлар мен табиги сорбенттер есебінен жүзеге асады. Химиялық өндірістік табиги сорбенттерді рационалды пайдаланудың эффективті шараларын жасау фурфурол өндірісіндегі улы ингридиенттерді залалсыз тетрагидрофурил спиртіне алмастыру.

3-кесте - Антифриз ретінде қолданылатын тетрагидрофурфуролдың өндірістік тәжірибеден алынған мәліметтері

Катализатор	Отын маркасы	Қоспа концентрациясы, С _{кос.} , %	Қату температурасы, -t _{кату} , °C
0	A-91	-	52
1	A-91	0,5	56
2	A-91	0,5	58
0	A-91	-	52
1	A-91	1,0	58
2	A-91	1,0	60

Аралық өнім фурфуролмен салыстырғандагы зиянсыз, экологиялық таза реагент тетрагидрофурил спиртінің қолданылуының эколого-экономикалық тиімділігі анықталды.

Үйтты фурфуролдың уыттылығын төмендеш арқылы тетрагидрофурфурил спирті ТГФС өндірілді. ТГФС авиацияда антифриз ретінде қолданылады.

Әдебиет

- 1 Морозов Е.Ф. Производство фурфурола; Вопросы катализа и новых катализаторов. -М.: Лесная промышленность, 1989. -С.18.
- 2 Левин В.Д., Репех С.М. Переработка древесной зелени. -М.: Лесная промышленность, 1984. – С.4.

Резюме

Исследованы геосистемы «Производство ТГФС - окружающая среда» с использованием местных природных сорбентов (Шымкентский, Казгуртский суглинки, отходы растительного сырья, никель-скелетные катализаторы).

Summary

Geosystems «Manufacture of THFA-an environment» with use local natural adsorbents (Shymkent's, Cazgurt's loam) furfurrol's. concentration for speed of reaction.